

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағиданы бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 қыркүйектегі N 7-2/1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 қазанда N 2702 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 қаңтардағы N 30-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 20.01.2015 N 30-1 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатыныстары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулысына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 394 қаулысының 1 тармағының 11) тармақшасына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қоса беріліп отырған тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағида бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысының
міндетін уақытша атқарушы*

*Б. Булакпаев
Ж.Б. Тлеуберлин*

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағида " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатыныстары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулысына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 394 қаулысының 1 тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;
- 2) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;
- 4) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;
- 5) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыратын,

тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

б) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы.

3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты

есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Зайсан аудандық мәслихатының 22.02.2013 № 11-2/2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Зайсан аудандық мәслихатының 25.12.2013 № 21-9 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну ақысының шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірістерінің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. Тұрғын үй көмегін беру тәртібі

5. Жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтері, үйі) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген тұлғалар тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ

6. Отбасы құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет атқармайтын, өзін-өзі жұмыспен қамтымайтын және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген тұлғалар тұрғын үй көмегіне құқығы жоқ, келесі тұлғаларды ескермеген жағдайда:

- 1) 50 жасқа толған тұлғалар (жынысына қарамастан);
- 2) бірінші және екінші топтағы мүгедектерді күтім жасайтын тұлғалар;
- 3) 16 жасқа толмаған мүгедек балаларға, сексен жастан асқан тұлғаларға күтім жасайтын тұлғалар;
- 4) жеті жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналар;
- 5) мүгедектік тобы жоқ, фтизиатрда, наркологта және онкологта диспансерлік есепте тұрған тұлғалар.

Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында есептелмейді.

Ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасының жұмыссыз мүшелері, жұмысқа орналасуды, оқуды және қайта оқуды бастағанға дейін тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

7. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасылардың (азаматтардың) жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 6

ақпанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7412 нөмірмен тіркелген) бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

8. Тұрғын үй көмегін алушылар тоқсан сайын құжаттарын өткізеді, бұл орайда, отбасылар (азаматтар) табыстары туралы анықтамаларды және алдындағы тоқсанда төленген коммуналдық қызмет ақыларының түбіртектерін қоса береді.

9. Жалғыз басты зейнеткерлерді, мүгедектерді, бірге тұратын жалғыз басты зейнеткерлерді, бірге тұратын зейнеткер мен мүгедекті және жалғыз тұратын ерлі-зайыпты зейнеткерлерді және мүгедектердің отбасыларын, сондай-ақ құрамында жетім балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында, тұрғын үй көмегін есептегенде және құқығын анықтаған кезде, олардың табыстары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен сол уақыт кезеңіне сәйкес бекітілген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (кемітіледі).

10. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін тағайындаудың негізі болып табылады.

11. Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - Зайсан аудандық мәслихатының 22.02.2013 № 11-2/2 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез-келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

13. Тұрғын үй көмегінің негізсіз алынған соммалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат уәкілетті органға немесе "Шығыс Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалының Зайсан бөліміне өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар, тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы

жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

9) алынып тасталды - Зайсан аудандық мәслихатының 25.12.2013 № 21-9 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - Зайсан аудандық мәслихатының 22.02.2013 № 11-2/2 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2013 № 21-9(жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2014 № 23-3 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Тұрғын үй көмегінің мөлшері, тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

15. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі нормалар есепке алынады:

1) ауданның нормалары:

жалғыз өзі тұратын азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

екі адамнан тұратын отбасы үшін - 36 шаршы метр;

үш адамнан тұратын отбасы үшін - 54 шаршы метр;

төрт немесе одан да көп адамнан тұратын отбасы үшін - әр отбасы мүшесіне 18 шаршы метрден, бірақ 90 шаршы метрден аспау керек;

2) электр қуатын тұтыну нормасы:

жалғыз өзі тұратын азаматтар үшін - 90 киловатт;

екі адамнан тұратын отбасы үшін- 125 киловатт;

үш адамнан тұратын отбасы үшін-150 киловатт;

төрт және одан көп адамнан тұратын отбасы үшін - әрқайсысына 50 киловаттан, бірақ 300 киловаттан аспауы керек.

5. Өздері жылытатын жеке тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін ұсыну тәртібі

16. Жеке тұрғын үй (тұрғын ғимарат) иелеріне, жекешелендірілген үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді жалдауға келісімшарт

болғанда жылына бір рет беріледі.

17. Тұрғын үй құрылысының жалпы ауданының 1 шаршы метріне көмірдің шығыны – 129,8 килограмм, бірақ бір үйге 5000 килограммнан артық емес.

18. Көмірдің құнын есептеу үшін аудан бойынша облыстық статистика басқармасы ұсынған орташа баға және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдаймен алынған ақпарат қолданылады (желтоқсан, наурыз, маусым, қыркүйек).

19. Өздері жылытатын жеке тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) тұратын көмірдің орнына басқа отын түрін пайдаланатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құнына балама есептеледі.

20. Тұрғын үй көмегін есептегенде өздері жылытатын жеке тұрғын үйлерде (ғимараттарда) тұратын отбасылардың (азаматтардың) табысы өтініш берген тоқсан алдындағы тоқсанмен есептеледі.

6. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру мен төлемі

21. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен беріледі және ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

22. Тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті органдар екінші деңгейдегі банкілер арқылы жеке шоттарына есептеу жолымен жүзеге асырады.